

МРНТИ 06.61.53

JEL Classification: R10, R11

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2022-1-73-85>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МОНОҚАЛАЛАРДЫ ДАМУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ТАЛДАУ

Г. Б. Асанова^{1*}, Г. Б. Нұрсейтова¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасындағы моноқалаларды дамытуға бағытталған бағдарламаларды іске асыру нәтижелерін талдау.

Әдіснамасы – синтез, талдау, салыстыру, жалпылау сияқты жалпы ғылыми әдістер.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы. Моноқалаларды дамыту бағдарламаларын талдау жүргізу нәтижелері өңірлік әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды әзірлеуде, аймақтарды дамытуға арналған іс шараларды бағалауда қолданылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижесінде Текелі, Шахтинск, Жезқазған моноқалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау нәтижесі бойынша қалаларда экономикалық, әлеуметтік сала, инфрақұрылымдық мәселелер жағдайының деңгейі төмен екендігі анықталды. Өндірістік орындардағы негізгі капиталдың ескіруі басты себеп болған қалаларда инвестициялық белсенділіктің төмен деңгейі, өндірістік қуаттың әлсіздігі, техникалардың жетіспеушілігі, өнімдердің бәсекеге қабілетті болмауы сияқты ортақ мәселелері айқындалды. Яғни, моноқалалардағы өндірісті қайта жандандырмай әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту қиынға соқпақ.

Түйін сөздер: моноқала, бағдарлама, экономика, әлеуметтік сала, инфрақұрылым, өнеркәсіп.

КІРІСПЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 4 қарашада моноқалаларды дамыту жөнінде республикалық кеңесте сөйлеген сөзінде: «Моноқалалар өндірістік өнеркәсіп өнімдерінің 40 %-ға жуығын өндіреді. Мұнай-газ, металлургия, химия өнеркәсібі және энергетика саласындағы ірі кәсіпорындарымыз сонда шоғырланған. Алайда, бұл қалаларда шешімін таппай келе жатқан түйткілдер аз емес. Әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелер бар. Моноқалалардың экономикасын әртараптандыру айрықша маңызды. Басқа да салаларды дамытып, жаңа жұмыс орындарын ашу – аса өзекті мәселе», – деген болатын [1]. Қазақстанда моноқалалардың көпшілігі индустриялық даму сатысының өнімдері болып табылады, оларды құрудың басты мақсаты минералдық-шикізат қорларын игеру болып табылады. Бұл қалаларда өндіріс пен энергетикалық инфрақұрылымның ірі объектілері бар, бірақ дәстүрлі түрде ең төменгі әлеуметтік инфрақұрылым және қаланың елді мекен ретіндегі функциялары нашар дамыған.

Қазақстанда 27 елді мекен моноқала статусына ие болды. Олардың көпшілігі дағдарыстың әсерінен қатты әлсіреген. Қазіргі уақытта бұл қалалардың өзіне тән әлеуметтік-экономикалық мәселелері бар: инфрақұрылымның нашар деңгейі, су құбырының, жылу және электр желілерінің барынша тозуы, қала құраушы кәсіпорындардың жай-күйіне байланысты мәселелер, бәсекеге қабілетсіз өнім, қала экономикасының төмен деңгейде әртараптануы; жұмыссыздық, халық санының азайуы және т. б. [2]. Осыдан шығатыны, моноқалалардың жаңғыртудағы мәселелері өзекті екенін көрсетеді.

Сонымен бірге өңірлерді дамытуға арналған бағдарламалар өңірлік өнім қалыптастыруға, әр аймаққа тән даму жоспарын жасауға, аймақты туристтер үшін тартымды етуге мүмкіндік береді.

Мақалада 2016-2020 жылдарға арналған жекелеген моноқалаларды дамыту бағдарламаларының іске асырылуы Текелі, Шахтинск, Жезқазған моноқалалары мысалында қарастырылады.

Әдебиеттерге шолу. Қазіргі заманғы зерттеулердің көпшілігінде моноқалаларды дамытуды қолдау құралдары ретінде өнеркәсіптік парктерді дамытуды, моноқалаларды дамыту үшін бағдарламалар әзірлеуді, ауыл шаруашылығын дамытуды және басқарушылық әкімшілік және бизнес-командаларды оқытуды ұсынады [3]. Бұдан басқа теоретиктердің ойынша кей мемлекеттік бағдарламаларда нақты мақсаттар мен міндеттер іс-жүзіндегі мақсаттар мен міндеттерге сай келмейді, ал ол қаланың стратегиялық дамуына тежеу болады. Сондай теоретиктердің бірі О. Б. Угурчиевтің еңбегінде жергілікті өңірлерді дамытуға арналған бағдарламалардың міндеттерінің орындалмауы алға қойылған мақсатпен міндеттемелердің сай келмеуі және жоспарланған қаржы мен орындалуы уақыты арасындағы алшақтыққа байланысты орын алатындығы туралы айтылған [4].

Бағдарламаның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін кешенді бағалау үшін бағалау индикаторлары жүйесін белгілеу маңызды болып табылады. Р. А. Черкесовтың «Анализ методологических подходов к оценке реализации программы социально-экономического развития региона» мақаласында бағдарлама тиімділігін бағалауда жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім, негізгі капиталға инвестициялар көлемі, сыртқы сауда айналымының көлемі, өңірдің қаржылық қамтамасыз етілуі, әлеуметтік сала даму деңгейінің жиынтық көрсеткіші және т.б. есептік көрсеткіш-индикаторларды қамтитындығы туралы қарастырылған [5]. Сонымен қатар, іс-шаралардың нәтижелілігін анықтауда орындалып жатқан іс шаралардың жоспарда бекітілген мерзіммен сәйкестігі маңызды болып табылады. «Анализ развития муниципальных целевых программ в городах-миллионниках ПФО РФ» атты А. М. Кемаловтың еңбегінде бағдарламаларды іске асырудың нәтижелілігі мен тиімділігіне оларды түзету немесе мерзімінен бұрын тоқтату мүмкіндік беретін тұрақты бағалау жүргізудің қажеттілігі айтылған [6].

Әлемнің көптеген елдерінде шағын қалалардың мәселелері өзекті болып табылады. О. Д. Угольникова., В. П. Григорьев., Г. Рубцов., А. Литвиненко., А. Г. Василева., Н. Ивашина., Н. Кузнецова сынды ғалымдардың еңбегінде Ресейдегі моноқалаларды дамыту бағдарламасы туралы қарастырылған. Қала құраушы кәсіпорындардың өндірісі мен өнім сұранысының төмендеуі, жұмыссыздықтың өсуі, моноқалалардағы іскерлік белсенділіктің күрт төмендеуі белгілі іс-шараларды талап етеді. Мысалы, Ресейде 2009 жылы моноқалаларды қолдаудың федералды бағдарламасын дайындау қолға алынды. Бағдарламаның міндеттеріне қала құраушы кәсіпорындардан тыс жаңа жұмыс орындарын құру бойынша жергілікті жерлерде жұмысты жандандыру кірді. Моноқалаларды қолдаудың базалық моделі қала құраушы кәсіпорындарды әртараптандыру, ірі инвестициялық жобаларды бекіту, шағын және орта бизнесті жаппай қолдау болып табылады. Сонымен қатар, моноқалаларды дамыту Ресей экономикасының 11 стратегиялық бағытының біріне кіретіндігін айтып өтуге болады. Ал 2016 жылы «Моноқалаларды кешенді дамыту» бағдарламасы бекітілді.

Моноқалаларды дамытуда мемлекет қолданатын тетіктердің тиімділігіне талдау жүргізуге мүмкіндік беретін нысаналы индикаторлары ретінде мына көрсеткіштерді қарастыруға болады: жаңа жұмыс орындарының саны; муниципалдық құрылымдар санының азаюы; негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі; моноқалалардың қала құраушы кәсіпорындар қызметіне тәуелділік деңгейі. Елдің әрбір төртінші қаласы бір бейінді болып саналады. Бұл жағдайда моно-аумақтардың Ресей Федерациясының экономикалық дамуына әсері айқын екенін байқауға болады. Федералды билік моноқалаларды дамыту бағдарламаларына қомақты қаражат бөліп отырады [7; 8; 9; 10].

Сонымен қатар, Ресей Федерациясының Үкіметі экономикалық дағдарысты еңсеру және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін түрлі қолдау шараларын жүзеге асыруда. Ресей Федерациясы Үкіметінің көмегімен моноқаланы дамыту институты құрылды. Бұл коммерциялық емес ұйым – Моноқалаларды дамыту қоры моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге бағытталған [11].

Германияда Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңнен бастап қазіргі уақытқа дейін әртүрлі қаржыландыру бағдарламалары бар. Қалаларды қайта құру және дамыту бағдарламасы деп атауға болатын алғашқы қаржылық бастама 1971 жылы құрылды (Urban Reconstruction and Development program). Аталған бағдарлама Германияның батыс (содан кейін шығыс) федералды штаттарында қалпына келтіру және дамыту шараларынан тұрады. Одан кейін қалаларды дамытуға байланысты жыл сайын бірқатар бағдарламалар қабылданып отырды: Development after WW2, Urban Heritage Protection program (1991), Social City program (1999), Urban Reconstruction program, Active City Center and Sub-Center program (2008), Smaller Cities and Communities program (2010), Future Urban Green program (2017).

Мысалы, 2010 жылы Шағын қалалар мен қоғамдастықтар бағдарламасы (Smaller Cities and Communities program) қабылданды. Бағдарлама шағын қалалар мен қауымдастықтардағы желілерді қолдау үшін жобалар жасайды [12].

Ал, Үндістанда көптеген шағын қалалар ірі қалалардан тәуелсіз динамикалық экономикаға ие. Алайда, лайықты жұмыс орындарының болмауы және негізгі қызметтер мен инфрақұрылымдық объектілерге қолжетімділіктің шектеулі болуы сияқты мәселелер барлық дерлік шағын қалаларға тән. Мұндай жағдайда бұл қалалар қаланы дамытуға арналған саясат пен бағдарламалар тарапынан елеулі назар аударуды талап етті. 1979-1980 жылдары алғаш рет ауылдық аудандардан көшіп-қонушыларды қабылдайтын өсу орталықтары ретінде таңдап алынған қалаларды дамытуға бағытталған «Шағын және орта қалаларды кешенді дамыту бағдарламасын» іске қосу арқылы шағын қалаларды дамыту жөнінде келісілген іс-шаралар қабылданды [13].

2013 жылы Еуропалық Кеңес «Еуропа – 2020» стратегиясын қабылдады, онда әлеуметтік аспектіні ескере отырып, аумақтық дамудың іргелі негіздері айқындалды. Стратегия шеңберінде шағын қалаларды аумақтық дамыту жобаларын іске асырудың қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдеріне арналған кешенді шаралар тұжырымдамасы әзірленді. Стратегияны іске асыру нәтижелерін Оңтүстік Чехияның мысалында көруге болады, онда тұжырымдаманы әзірлеуге Славонице демографиялық проблемалары бар типтік шағын қала таңдалды. Стратегия шеңберінде әлеуметтік-демографиялық саладағы өзгерістерді болжаған қаланы дамытудың әртүрлі нұсқаларын сипаттай отырып, тұжырымдама әзірленді [14].

Өңірлік мақсатты бағдарламалар аумақтар тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту және тұрақты дамыту саласындағы тиімді саясатты қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Шағын және моноқалалардың мақсатты әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламалары – жергілікті саясаттың басымдықтары мен мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін шаралар жүйесі. Бұл бағдарламаларды әртүрлі қалалардың әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясында белгіленген мақсаттарды іске асырудың негізгі құралы деп санауға болады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әдіснама. Мақала Қазақстан Республикасындағы моноқалаларды дамыту бағдарламаларының іске асырылу нәтижесін зерттеуге жүйелік тәсілді қолдануға негізделген, ол сандық және сапалық әдістерді, атап айтқанда, экономикалық-статистикалық талдау, салыстыру және жалпылау әдістерін қамтиды.

Зерттеу нысандарының экономика, әлеуметтік сала және инфрақұрылым әлеуеттерін зерттеуде салыстырмалы талдау әдісі, сондай-ақ құрылымдық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу барысы келесідей қадамдардан тұрды:

- Текелі, Шахтинск, Жезқазған моноқалаларының бағдарламаларының өзекті мәселелері экономика, әлеуметтік сала, инфрақұрылым салаларына жүйеленіп талданды;
- Текелі, Шахтинск, Жезқазған моноқалаларын дамыту бағдарламаларының 2020 жылға жоспарланған нысаналы индикаторларына қол жеткізу іс-шаралары талданды;
- Аталған қалалар бойынша нысаналаы индикаторларға қол жеткізу нәтижелері сараланды.

Зерттеудің ғылыми базасы осы мәселемен айналысатын отандық және ғалымдардың жарияланымдары болып табылады. Ақпараттық базасы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми мәліметтері және Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік актілері болып табылады.

Талдаулар мен нәтижелер. Мақала Қазақстан Республикасындағы моноқалаларды дамыту бағдарламаларының іске асырылу нәтижесін зерттеуге жүйелік тәсілді қолдануға негізделген, ол сандық және сапалық әдістерді, атап айтқанда, экономикалық-статистикалық талдау, салыстыру және жалпылау әдістерін қамтиды.

Зерттеу нысандарының экономика, әлеуметтік сала және инфрақұрылым әлеуеттерін зерттеуде салыстырмалы талдау әдісі, сондай-ақ құрылымдық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу барысы келесідей қадамдардан тұрады:

- Текелі, Шахтинск, Жезқазған моноқалаларының бағдарламаларының өзекті мәселелері экономика, әлеуметтік сала, инфрақұрылым салаларына жүйеленіп талданды;

- Текелі, Шахтинск, Жезқазған моноқалаларын дамыту бағдарламаларының 2020 жылға жоспарланған нысаналы индикаторларына қол жеткізу іс-шаралары талданды;

- Аталған қалалар бойынша нысаналы индикаторларға қол жеткізу нәтижелері сараланды.

Зерттеудің ғылыми базасы осы мәселемен айналысатын отандық және шетел ғалымдардың жарияланымдары болып табылады. Ақпараттық базасы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми мәліметтері және Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік актілері болып табылады.

Қазақстанда моно және шағын қалаларды дамытуға байланысты 2019 жылы «Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», сонымен қатар 2016-2020 жылдарға арналған моноқалаларды дамытудың жекелеген бағдарламалары қабылданды.

Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 990 қаулысына сәйкес қабылданды.

Бағдарламаның мақсаты басқарылатын урбанизация процесі арқылы өңірлердің экономикалық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және халықтың тұрмыс сапасын жақсарту болып табылады және іске асыру мерзімі 2020-2025 жылдарды қамтиды. 2025 жылға дейін жүзеге асатын бұл бағдарламаға 1,3 млрд. теңге бөлінген болатын. 2020 жылға дейінгі бағдарлама шеңберінде жүзеге асқан тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, сонымен бірге бірқатар сәулет және қала жобасы «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасымен біріктірілді [2].

Мақалада Текелі, Шахтинск, Жезқазған қалаларының 2016-2020 жылдарға арналған дамыту бағдарламалары талданған.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі №118 «Елді аумақтық кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасын бекіту туралы» жарлығының негізінде әрбір моноқаланы дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы қабылданды.

Текелі қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы қабылданды.

Бағдарламаның мақсаты – экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ету, өнеркәсіпті үдемелі дамытуды қамтамасыз ету және инвестициялар тарту, халықтың денсаулығын жақсарту, халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу шараларының тиімділігін арттыру, тұрғын үй құрылысын дамыту, коммуналдық сектордың инженерлік инфрақұрылымын жаңарту, облыстың экологиялық жағдайын жақсарту және т.б.

Нысаналы индикаторлар: өңірлік макроэкономика, өнеркәсіп, агроөнеркәсіп кешені, білім, денсаулық сақтау, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау.

Текелі қаласы Талдықорған қаласының оңтүстік-шығысынан 39 км қашықтықта, Алматы қаласынан 285 км шығысқа қарай орналасқан. Текелі – өнеркәсіптік қала. Қала кәсіпорындарында – мэр-мэр мен

эк ұнтағы, құрылыс кірпіші, сыра ашытқысы, габбро мен шунгит, мәр-мәр өндіріледі. Қала табиғи – климаттық аймақта, су ресурстары мен құнарлы жерлерде орналасқан [15].

Шахтинск қаласының 2016-2020 жалдарға арналған даму бағдарламасының мақсаты – экономиканы әртараптандыруға бағытталған өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін дамыту, инвестициялық белсенділігін қалыптастыру, білім беруді тиімді дамыту үшін жағдай жасау, қоғамдық қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету, құрылыс өсімін қамтамасыз ету, жолдардың сапасын жақсарту, қажетті сападағы коммуналдық қызметтердің қол жетімділігі, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау.

Нысаналы индикаторлары: экономика, әлеуметтік сала, қоғамдық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіп, инфрақұрылым, экология және жер ресурстары.

Шахтинск қаласы – 1961 жылы құрылған. Қаланың пайда болуы жоғары сапалы көкістелген көмір өндіру Тентек кен орындарын игерумен байланысты. Шахтинск қаласы – Қарағанды облысының өнеркәсіптік ауданы. Қала өнеркәсібінің жетекші салалары көмір өндіру және өңдеу өнеркәсібі болып табылады. Қала автокөлік және темір жолдардың тығыздығының салыстырмалы жоғары аймағында орналасқан жолдардың тығыздығының салыстырмалы жоғары аймағында орналасқан [16].

Жезқазған қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасының мақсаты – өңдеуші өнеркәсіптің әртараптандырылуы және бәсекеге қабілеттілігін арттыру, инвестициялық ахуалды, инновациялық дамуды жақсарту; білім берудің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру, құқықтық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сапалы жол желісін және қоғамдық жолаушылар көлігінің қолжетімділігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаның ластану деңгейін төмендету және табиғи ортаның сапасын тұрақтандыру және т.б.

Нысаналы индикаторлары: өнеркәсіп және инвестициялар, агроөнеркәсіп кешені, шағын және орта бизнес, білім, денсаулық сақтау, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, қауіпсіздік, құрылыс.

Жезқазған қаласы халық саны 92 007 адам болатын Қарағанды облысының үшінші қаласы болып табылады. Облыс орталықтан (Қарағанды қаласы) арақашықтығы 520 км, Қазақстан астанасынан (Нұр-Сұлтан қаласы) арақашықтығы 770 км құрайды. Қала 1954 жылы құрылған. Қала халқының саны 91,9 мың адамды құрады. Қаланың өнеркәсіптік әлеуетін экономиканың өңдеуші және өндіруші секторларының ірі, орта және шағын кәсіпорындары анықтайды. Негізгі үлесі түсті және сирек кездесетін металдар өндірісінде шоғырланған [17].

Кесте 1 – 2016-2020 жылдарға арналған Текелі, Шахтинск, Жезқазған моноқалаларын дамыту бағдарламаларының өзекті мәселелері

Текелі қаласы		
Экономика технологиялық жабдықтармен төмен жарақталуы; қолда бар өндірістік қуаттардың толық жүктелмеуі; салаға инвестициялар тұрақсыздығы; электр энергиясына тарифтер жоғары болуы	Әлеуметтік сала сумен жабдықтау жүйелерінің төмен деңгейі; электрмен жабдықтау жүйелерінің нашар болуы; қала аумағында бейнебақылау жүйесінің болмауы; ауыл халқының табыс деңгейінің төмендігі	Инфрақұрылым тұрғын үй құрылысы үшін инженерлік инфрақұрылымның болмауы; тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың жеткіліксіздігі; су құбыры желілері мен құрылыстарының тозуы

Шахтинск қаласы		
Экономика өнеркәсіпті басқару позицияларының әлсіздігі; инновациялық кәсіпорындардың азаюы; экономиканың шикізаттық емес секторының инвестициялық тартымдылығының жеткілісіздігі	Әлеуметтік сала педагогикалық кадрлардың тапшылығы; еңбек ресурстарының сапасының төмен болуы; өндіріс пен оқытудың нақты байланысының болмауы; спортинфрақұрылымының болмауы	Инфрақұрылым жолдарды күрделі жөндеуден өткізу қажеттілігі; орталықтандырылған газдың болмауы. күрделі жөндеу жүргізу үшін тұрғын үйдің айырбастау қорының болмауы.
Жезқазған		
Экономика негізгі қорлардың біршама тозуы және өнімдердің бәсекеге қабілеттілігінің төмен болуы; отандық салалық өнімдерді тұтыну үлесінің мардымсыз болуы; инвестицияларды толық игеруге кәсіпорындардың дайын болмауы	Әлеуметтік сала мектептерде материалдық-техникалық жарақтандырудың төмен деңгейі; экологиялық жағдайдың қолайсыз факторларының халық денсаулығына кері әсерін тигізуі ауылдық жерлерде медицина қызметкерлері мен бейінді мамандардың тапшылығы	Инфрақұрылым құрылыс ұйымдарының рентабельділігінің төмендігі; құрылыс ұйымдарының негізгі қорларының тозу деңгейінің артуы; білікті мамандар тапшылығы; автомобиль жолдарының қанағаттанарлықсыз жағдайы
Ескерту – [15; 16; 17] дереккөздері негізінде авторлармен құрастырылған		

1-кестеде Текелі, Шахтинск, Жезқазған моноқалалары бойынша экономикалық, әлеуметтік сала, инфрақұрылым мәселелері қарастырылған. 3 қалаға да ортақ инвестициялық белсенділіктің төмен деңгейі, өндірістік қуаттың әлсіздігі, техникалардың жетіспеушілігі, өнімдердің бәсекеге қабілетті болмауы сияқты ортақ мәселелер бар.

Текелі қаласында су, электр жүйелерінің төмен деңгейі, ауыл халқының табыс деңгейінің төмен деңгейі тәрізді мәселелер бар екенін байқауға болады.

Шахтинск және Жезқазған қалаларында кадрлар тапшылығы мен мектептерде материалдық қамтылу деңгейінің төмен екенін көреміз.

Кесте 2 – 2016-2020 жылдарға арналған Текелі, Шахтинск, Жезқазған моноқалаларын дамыту бағдарламаларының нысаналы индикаторларына қол жеткізу іс-шаралары

Қала	Экономика	Әлеуметтік сала	Инфрақұрылым
Текелі	нәтижелі жұмыспен қамту; пайдалы қазбалар қорларын игерумен байланысты жобаларды іске асыруға жәрдемдесу; қала кәсіпорындарында сапа менеджменті жүйесін енгізу жөніндегі шараларды іске асыру; индустриялық-инновациялық инвестициялық жобаларды іске асыру.	<ul style="list-style-type: none"> • білім беру бағдарламаларын жетілдіру, оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын енгізу; • қаланың кәсіпорындары мен ұйымдарында жастар тәжірибесінің бағдарламаларын ұйымдастыру және кеңейту; • Білім беру объектілеріне күрделі жөндеу жүргізу. 	қалада көлік инфрақұрылымын дамыту; автомобиль жолдарының инфрақұрылымын дамыту шеңберінде, жол құрылысының сапасын бақылау; • табиғи апаттарға қарсы іс-қимыл инфрақұрылымының қамтамасыз етілуін ұлғайту бойынша шаралар кешенін қабылдау.

Шахтинск	өңір кәсіпорындарының жыл сайынғы республикалық, облыстық форумдарға, көрмелерге, отандық тауар өндірушілердің жәрмеңкелеріне қатысуы; мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде инвестициялық жобаларды іске асыру; өңірге инвестиция тарту үшін тоқтап тұрған кәсіпорындар туралы мәліметтерді жариялау.	1 жастан 3 жасқа дейінгі балалардың кезектілігін азайту; кітапханаларды компьютерлендіру; демалыс объектілерінің материалдық-техникалық базасын нығайту; халықтың әлеуметтік осал топтарына әлеуметтік қолдау көрсетуге қалалық бюджет шығыстарының орташа мөлшерін ұлғайту.	тұрғын үй қорының құрылысы және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жайластыру; жеке тұрғын үй құрылысына ынталандыру және жәрдемдесу; автомобиль жолдары желісін дамыту басымдықтарын анықтау.
Жезқазған	жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру және қайта құру; жаңа технологияларды қолдана отырып, жаңа өндірістерді ашу; өндіріс тиімділігін арттыру; азық-түлікке бағаның тұрақтылығын қамтамасыз ету, ішкі нарықты өз өндірісінің тауарларымен толықтыру.	мектептердің және мектепке дейінгі мекемелердің материалдық-техникалық базасын күшейту; жұмыссыз азаматтарды кәсіптік оқытуды ұйымдастыру; әлеуметтік және көліктік инфрақұрылым объектілерін қайта жаңарту.	сумен жабдықтау және электр және жылумен жабдықтау жүйелерін дамыту бойынша басым жобаларды іске асыру; коммуналдық қызмет шығындарын азайтуға мүмкіндік беретін жаңа технологияларды жаңарту; коммуналдық сектордың қолданыстағы объектілерін жаңалау;
Ескерту – [15; 16; 17] дереккөздері негізінде авторлармен құрастырылған			

2-кестеде Текелі, Шахтинск, Жезқазған қалаларының өзекті мәселелерін шешу мақсатында бағытталған іс-шаралар экономика, әлеуметтік сала, инфрақұрылым салаларына бөлініп қарастырылған. 2021 жылы жарияланған «Текелі қаласының 2020 жылға әлеуметтік – экономикалық паспортының» мазмұнына сәйкес 2020 жылы Текелі қаласында «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында Рудничный ауылындағы мектептің бір маманына тұрғын үй сатып алуға несие және бір маманға көтерме жәрдемақы берілді [18].

«Шахтинск қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасының» мазмұнына сәйкес Шахтинск қаласында 2019 жылы жұмыссыздық деңгейі 2018 жылмен салыстырғанда 0,2 %-ға төмендеп, 4,8 %-ды құрады. 2020 жылы негізгі капиталға инвестициялардың басым үлесі тау – кен өнеркәсібіне тиесілі – 98,2 %; өңдеу өнеркәсібінің үлесіне – 0,2 %; электрмен жабдықтау саласына 1,4 % салынды; сумен жабдықтауға, су бұруға, қалдықтарды жинауға, сұрыптауға, қайта өңдеуге және кәдеге жаратуға 0,08 % келеді [16].

Жезқазған қаласында туристік қызмет 3 туристік фирмалармен: «Kakadu» ЖШС, «Саяхат» ЖШС, «Paradise» ЖШС ұсынылады. Жезқазған қаласында туризмді дамытудың негізгі бағыттары жағажай туризмі (Кенгір суқоймасы), экологиялық туризм (Ұлытау зоологиялық қорықшысы), спорттық туризм (жаяу жүру, спорттық бағдарлау, спорттық шыңға өрмелеу), мәдени-танымдық туризм, сонымен қатар демалыс күндердегі туристік жорықтар болып табылады. Сонымен қатар, инфрақұрылым саласындағы жоғары кәсіпкерлік белсенділік, жеке құрылыс ұйымдармен атқарылатын құрылыс жұмыстарының жалпы көлемінің жоғарылығы, объектілерді салуда қазақстандық құрылыс материалдарын пайдалану ерекшеліктерін атап өтуге болады [17].

3-кестеде Текелі, Шахтинск, Жезқазған қалаларының әлеуметтік сала және инфрақұрылым бойынша қол жеткізу нәтижелері көрсетілген. Кестеден, аталған моноқалаларда балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету процесінің толық орындалғанын көруге болады. Мысалы, Шахтинск қаласында 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту 3 жастан 6 жасқа дейінгі немесе 2242 балалардың жалпы санының 100 %-ын құрайды.

Кесте 3 – Моноқалалардың бағдарламаның әлеуметтік сала және инфрақұрылым бойынша нысаналы индикаторларға қол жеткізу нәтижелері

Индикатор	Текелі		Шахтинск		Жезқазған	
	2016 жоспар	2020 нақты	2016 жоспар	2020 нақты	2016 жоспар	2020 нақты
Халықты жұмыспен қамту орталықтарына жүгінгендердің ішінен жұмысқа орналасқан мүмкіндіктері шектеулі адамдардың үлесі	92,2	100,0	98,1	100	98,1	117
Балаларды (3-6 жас) мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту	98,1	98,4	100	100	100	100
Халықтың спорт инфрақұрылымымен қамтамасыз етілуі	311,7	308,5	15,8	16	25,6	25,9
Құрылыс жұмыстарының нақты көлемінің индексі	101,2	124,7	112,4	148,9	107	115,3
Ескерту – [19; 20; 21] дереккөздері негізінде авторлармен құрастырылған						

Кесте 4 – Моноқалалардың бағдарламаның экономика бағыты бойынша нысаналы индикаторларға қол жеткізу нәтижелері

Индикатор	Текелі		Шахтинск		Жезқазған	
	2016 жоспар	2020 нақты	2016 жоспар	2020 нақты	2016 жоспар	2020 нақты
Өңдеу өнеркәсібі	102,0	95,7	100,1	112,5	101,4	101,3
Негізгі капиталға инвестициялар	82,3	87,2	416,2	365,5	285,9	360,0
Ауыл шаруашылығы	100,7	103,1	104,8	103,1	104,9	101,4
Ескерту – [19; 20; 21] дереккөздері негізінде авторлармен құрастырылған						

4-кестеде Моноқалалардың бағдарламаның экономика бағыты бойынша нысаналы индикаторларға қол жеткізу нәтижелері берілген. Кестеден Текелі қаласында өңдеу өнеркәсібі көрсеткішінің индексі 2020 жылы 95,7 % көрсетіп, жоспар бойынша толық орындалмағанын көреміз. Аталған көрсеткіштің орындалмауының негізгі себебі – пандемия салдарларына тікелей байланысты, яғни жылдың бірінші жартысында ҚХР-мен және басқа мемлекеттермен жабық шекара, «ТПК» ЖШС базасында «Вару Mining» ЖШС 2-домна пешін салу үшін қажетті жабдықтарды, басқа да бөлшектер мен материалдарды жеткізудің болмауы, материалдар мен жабдықтар бағасының өсуі және басқалар [19].

Ал, Шахтинск қаласында негізгі капиталға инвестиция көлемі 2020 жылы 365,5 % құрады. Көрсеткіштің төмендеу себебі «АрселорМиттал Теміртау» АҚ қаражатын COVID-19-ға байланысты санитариялық қауіпсіздікті сақтау және қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға қайта бағыттау болды. Ауыл шаруашылығы саласы (103,1 %) бойынша нысаналы индикаторға қол жеткізілмеуінің себебі, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда ет өндірісінің қысқаруына байланысты болып табылады.

Шахтинск қаласы бойынша 2020 жылғы өңдеу өнеркәсібіндегі өнеркәсіп өндірісінің индексі 112,5 құрайды. Көрсеткішке «Апрель Кулагер» ЖШС кәсіпорнының, кәсіпкерлікті қолдау картасынан тыс тұрақты жұмыс есебінен қол жеткізілді [20].

Жезқазған қаласы бойынша 2020 жылғы өңдеу өнеркәсібіндегі өнеркәсіп өндірісінің индексі 101,3 % құрайды. Нысаналы көрсеткіштің төмендеуінің себебі 2020 жылғы 15-25 қазан аралығында «Қазақмыс Смэлтинг» ЖШС РТП-1 пешіне күрделі жөндеу жүргізу болып табылады.

Ауыл шаруашылығы саласы (101,4 %) бойынша жоспарлы көрсеткішке сай (104,9 %) орындалмауының себебі, зоотехникалық нормаларға сәйкес тиімсіз құс басының іріктелуіне байланысты «Племптицеторг» ЖШС жұмыртқа өндірісінің төмендеуімен түсіндіріледі.

Негізгі капиталға инвестиция көлемі 2016 жылға 360 % құрады. Жезқазған қаласы бойынша есепті кезеңде өңдеу өнеркәсібінің өндіріс көлемі өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемінің 94,4 %-ын құрады. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 2019 жылға 113 % және жоспарға 101,5 % құрады [21].

ҚОРЫТЫНДЫ

Әр қаланың мақсаты – оның мөлшері мен елді мекендер иерархиясындағы рөліне қарамастан, оның қажеттіліктеріне, мүмкіндіктеріне және жергілікті жағдайларына сәйкес келетін ең тиімді даму моделін табу болып табылады. Аймақтық және ұлттық қажеттіліктерді қанағаттандырудан басқа, қалалар әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге, сондай-ақ жаһандық аренада болып жатқан процестерге бейімделуі керек. Ірі қалалар әрбір елдің дамуында ерекше маңызды рөл атқарады және олардың әлеуетін тұрақты және инклюзивті өсу стратегиясының мақсаттарына қол жеткізу үшін пайдалану керек. Шағын қалалар жергілікті әлеуетті, өзіндік ерекшелікті және қажеттіліктерді ескеретін және қалаларға заманауи мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін өзіндік даму жолдарын іздейді. Жаһандық өзгерістер бүкіл әлемдегі аумақтық бірліктер, соның ішінде қалалар арасындағы ынтымақтастық үшін жаңа мүмкіндіктер туғызады. Шағын қалалар үлкен қалалармен салыстырғанда бәсекелестік артықшылығын арттыру және аймақтық өсуге ықпал ету үшін ынтымақтастық желілерін құра алады. Көптеген шағын қалалар өз мүшелерінің өсу перспективаларын жақсартуға, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуге, жергілікті бизнесті ынталандыруға және ортақ мақсаттарға жетуге тырысатын ұйымдарға қосыла алады [22].

Зерттеу барысында келесідей қорытындыларға келдік:

- Әлемдік тәжірибедегі көптеген ғалымдардың еңбегінен моноқалаларды дамыту бойынша бағдарламалардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін кешенді бағалау үшін бағалау индикаторлары жүйесін белгілеу және іске асыру нәтижелілігіне тұрақты түрде бағалау жүргізу қажеттілігі айтылған. Аймақтардың тұрақты дамуында өңірлік бағдарламалардың іске асырылу тиімділігіне талдау жүргізу маңызды деп қорытынды жасауға болады.

- Зерттеліп отырған моноқалалардағы бағдарламаларға сәйкес берілген өзекті мәселелер мен белгіленген нысаналы индикаторларды негізгі 3 топқа экономика, әлеуметтік сала, инфрақұрылым салаларына бөліп қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде Текелі, Шахтинск, Жезқазған қалаларының үшеуінің де бір өндіріске бағытталған шағын қалалар болуымен түсіндіріледі.

- Бағдарламаға сәйкес Текелі, Шахтинск, Жезқазған моноқалалары бойынша кейбір көрсеткіштердің белгіленген жоспарға сәйкес орындалмағаны анықталды. Бұл көрсеткіштердің орындалмауының негізгі себебі – COVID-19 инфекциясымен, және осы пандемияға байланысты, шет мемлекеттермен жабық шекара, қажетті жабдықтарды, материалдарды жеткізудің болмауы, материалдар мен жабдықтар бағасының өсуі және бөлінген қаражаттың пандемиямен күрес шараларына қайта бағытталуымен түсіндіріледі.

Моноқалалардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды жандандыруға қатысты ұсыныстар:

- Текелі қаласы – өндірістік қала, қала кәсіпорындарында – мәр-мәр ұнтағы, құрылыс кірпіші, ашытқы, габбро мен шунгит өндіріледі. Қала аумағында қатпарлы тасты шунгит шоғыры, ауыр металдар, ақ алтын бар. Шахтинск қаласы өнеркәсібінің жетекші салалары көмір өндіру және өңдеу өнеркәсібі болып табылады, қала автокөлік және темір жолдардың тығыздығының салыстырмалы жоғары аймағында орналасқан. Жезқазған қаласының өнеркәсіптік әлеуетін экономиканың өңдеуші және өндіруші секторларының ірі, орта және шағын кәсіпорындары анықтайды. Негізгі үлесі түсті және сирек кездесетін металдар өндірісінде шоғырланған. Осы қалалардағы ішкі ресурстарды максимумды түрде тиімді пайдалануға бағытталған мақсатты-өндірістік іс-шаралар кешенін жүргізу тиімді деп ойлаймыз.

- Сонымен қатар, аталған моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің мониторингісін жүргізу арқылы әлеуетін анықтап, бәсекеге қабілетті артықшылықтарын ескере отырып, нақты қаланың даму стратегиясын әзірлеу қажет деп есептейміз.

- Сондай ақ, моноқалаларды дамуындағы маңызды фактордың бірі – әлеуметтік тұрақтылықты сақтау. Яғни, моноқалалардың әлеуметтік тобын құрайтын барлық тұрғындарға әлеуметтік қолдау көрсету маңызды болып табылады.

- Моноқалаларда экономика мен әлеуметтік саланы көтеру үшін мемлекеттік қолдау шаралары қажет. Бұл аймақтар халықтың тығыздығы төмен, тұрмыс деңгейі нашар, жұмыссыздық деңгейі жоғары, экологиялық және техногендік апат өңірлері болып табылады. Зерттеуде берілген моноқалаларды дамытуға арналған бағдарламаларда көрсетілген нысаналы индикаторлар салалар бойынша толық және уақытылы орындалса моноқалалардағы әлеуметтік-экономикалық жағдай жақсарады.

Өңірлердің әлеуметтік – экономикалық даму бағдарламасын орындау нәтижелерін бағалау, біріншіден, бағдарламаны іске асырудың тікелей процесін басқарудың тиімділігін сипаттайды, екіншіден, таңдалған даму стратегиясының дұрыстығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, үшіншіден, келесі кезеңге арналған аумақтың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасының мақсаттары мен басымдықтарын әзірлеу кезінде қолдануға болады.

Аймақтық даму табиғи ресурстармен қамтамасыз етілу, жұмыс күшінің сапасы, инвестициялар, кәсіпкерлік мәдениет, технологиялық инфрақұрылым, салалық құрылым, мемлекеттік қолдау жүйесі сияқты факторлармен анықталатын көп аспектілі тұжырымдаманы білдіреді. Шағын және моноқалалар ауыл халқына негізгі қызметті көрсетіп, ауыл шаруашылығы коммерциясын дамытуға, ауыл және қала экономикасының интеграциялануына мүмкіндік береді. Ел экономикасын дамытуда аймақтардың, соның ішінде шағын және моноқалалардың дамуына жағдай жасап, олардағы халықтың өмір сүру сапасын жақсартпай тұтастай дамуға қол жеткізу қиын. Мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатты жүзеге асыруда жекелеген өңірлердің әл ауқатын көтеру маңызды болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мемлекет басшысы моноқалаларды дамыту жөнінде республикалық кеңес өткізді [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты [web-сайт]. – 4 қараша, 2021. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-monokalalardy-damytu-zhoninde-respublikalyk-kenes-otkizdi-4104231> (Қарау уақыты: 25.12.2021).

2. Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 990 қаулысы [Электронды ресурс] // Әділет [web-сайт]. – 2019. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000990> (Қарау уақыты: 25.12.2021).

3. Важаев А. Н., Мицель А. А. Стратегия управляемого воздействия на развитие экономики моногорода // Вестник Кемеровского государственного университета. Серия: Политические, социологические и экономические науки. – 2018. – № 1. – С. 67-73. – DOI: 10.21603/2500-3372-2018-1-67-73.

4. Угурчиев О. Б., Угурчиева Р. О., Угурчиев Д. О. Анализ финансирования основных федеральных целевых программ развития регионов за 2011-2013 гг. // Вестник Адыгейского государственного университета. Серия 5: Экономика. – 2014. – № 3(150). – С. 176-181.

5. Черкесов Р. А. Анализ методологических подходов к оценке реализации программы социально-экономического развития региона // Вестник Ростовского государственного экономического университета (РИНХ). – 2008. – № 25. – С. 37-42.

6. Кемалов А. М. Анализ развития муниципальных целевых программ в городах-миллионниках ПФО РФ // Достижения науки и образования. – 2017. – № 6(19). – С. 41-55.

7. Угольников О. Д. Управление социально-экономическим развитием моногородов // Вестник Кемеровского государственного университета. Серия: Политические, социологические и экономические науки. – 2018. – № 1. – С. 166-171. – DOI: 10.21603/2500-3372-2018-1-166-171.

8. Григорьев В. П. Проблемы и перспективы моногородов Дальнего Востока // Вестник Кемеровского государственного университета. Серия: Политические, социологические и экономические науки. – 2018. – № 4. – С. 61-66. – DOI: 10.21603/2500-3372-2018-4-61-66.
9. Rubtsov G., Litvinenko A. Development of single-industry towns as a factor of economic and regional growth // E3S Web of Conferences. – 2020. – № 208(26). – Article number 08005. – DOI: <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202020808005>.
10. Vasileva A. G., Ivashina N. S., Kuznetsova N. V. National Support Programs for Single-Industry Towns Development in the Russia Federation: Retrospective Analysis of Efficiency // IOP Conference Series Earth and Environmental Science. – 2020. – № 666(6). – Article number 062106. – DOI: <https://doi.org/10.1088/1755-1315/666/6/062106>.
11. Tsyrempilov D., Alekseeva T. Analysis of monotown development support measures in the Russian Federation // OP Conference Series: Materials Science and Engineering. – 2019. – № 667(1). – Article number 012101. – DOI: 10.1088/1757-899X/667/1/012101.
12. Zabel R., Kwon Y. Evolution of urban development and regeneration funding programs in German cities // Cities. – 2021. – № 111. – Article number 103008. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.cities.2020.103008>.
13. Guin D. Contemporary perspectives of small towns in India: A review // Habitat International. – 2019. – № 86. – P. 19-27. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.habitatint.2019.02.003>.
14. Гвоздева О. В., Сеница Ю. С. Перспективы развития малых территорий с учетом зарубежного опыта // Московский экономический журнал. – 2020. – № 3. – С. 106-114.
15. «Текелі қаласы әкімінің аппараты» ММ. Текелі қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы. – 2015. – 43 б.
16. «Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ. Шахтинск қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы. – 2015. – 46 б.
17. «Жезқазған қаласы әкімінің аппараты» ММ. Жезқазған қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы. – 2015. – 44 б.
18. «Текелі қаласы әкімінің аппараты» ММ. «Текелі қаласының 2020 жылға әлеуметтік – экономикалық паспорты». 2021. – 27 бет.
19. «Текелі қаласы әкімінің аппараты» ММ. Текелі қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасын іске асыру туралы есебі. – 2020. – 34 б.
20. «Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ. Шахтинск қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасын іске асыру туралы есебі. – 2020. – 39 б.
21. «Жезқазған қаласы әкімінің аппараты» ММ. Жезқазған қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасын іске асыру туралы есебі. – 2020. – 16 б.
22. Senetra A., Szarek-Iwaniuk P. Socio-economic development of small towns in the Polish Cittaslow Network – A case study // Cities. – 2020. – № 103. – Article number 102758. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.cities.2020.102758>.

REFERENCES

1. Memleket basshysy monokalalardy damytu zhoninde respublikalyk kenес otkizdi. (November 4, 2021). Official website of the President of the Republic of Kazakhstan. Retrieved December 25, 2021, from <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-monokalalardy-damytu-zhoninde-respublikalyk-kenes-otkizdi-4104231> (In Kazakh).
2. Onirlardi damytudyn 2020-2025 zhyldarga arналган мемлекеттік бағдарламасын bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2019 zhyly 27 zheltoksandagy № 990 kaulysy. (2019). Adilet. Retrieved December 25, 2021, from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000990> (In Kazakh).
3. Vazhdaev, A. N. and Mitsel, A. A. (2018). Strategiya upravlyаемого vozdejstviya na razvitie ekonomiki monogoroda. Bulletin of Kemerovo State University. Series: Political, Sociological and Economic sciences, 1, 67-73, DOI: 10.21603/2500-3372-2018-1-67-73 (In Russian).
4. Ugurchiev, O. B., Ugurchieva, R. O. and Ugurchiev, D. O. (2014). Analiz finansirovaniya osnovnyh

federal'nyh celevyh programm razvitiya regionov za 2011-2013 gg. Bulletin of the Adyghe State University. Episode 5: Economy, 3(150), 176-181 (In Russian).

5. Cherkesov, R. A. (2008). Analiz metodologicheskikh podhodov k ocenke realizacii programmy social'no-ekonomicheskogo razvitiya regiona. Vestnik of Rostov state University (RINH), 25, 37-42 (In Russian).

6. Kemalov, A. M. (2017). Analiz razvitiya municipal'nyh celevyh programm v gorodah-millionnikah PFO RF. Dostizheniya nauki i obrazovaniya, 6(19), 41-55 (In Russian).

7. Ugolnikova, O. D. (2018). Upravlenie social'no-ekonomicheskim razvitiem monogorodov. Bulletin of Kemerovo State University. Series: Political, Sociological and Economic sciences, 1, 166-171, DOI: 10.21603/2500-3372-2018-1-166-171 (In Russian).

8. Grigorev, V. P. (2018). Problemy i perspektivy monogorodov Dal'nego Vostoka. Bulletin of Kemerovo State University. Series: Political, Sociological and Economic sciences, 4, 61-66, DOI: 10.21603/2500-3372-2018-4-61-66 (In Russian).

9. Rubtsov, G. and Litvinenko, A. (2020). Development of single-industry towns as a factor of economic and regional growth. E3S Web of Conferences, 208(26), 08005, DOI: <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202020808005>.

10. Vasileva, A. G., Ivashina, N. S. and Kuznetsova, N. V. (2020). National Support Programs for Single-Industry Towns Development in the Russia Federation: Retrospective Analysis of Efficiency. IOP Conference Series Earth and Environmental Science, 666(6), 062106, DOI: <https://doi.org/10.1088/1755-1315/666/6/062106>.

11. Tsyrempilov, D. and Alekseeva, T. (2019). Analysis of monotown development support measures in the Russian Federation. OP Conference Series: Materials Science and Engineering, 667(1), 012101, DOI: 10.1088/1757-899X/667/1/012101.

12. Zabel, R., Kwon, Y. (2021). Evolution of urban development and regeneration funding programs in German cities. Cities, 111, 103008, DOI: <https://doi.org/10.1016/j.cities.2020.103008>.

13. Guin, D. (2019). Contemporary perspectives of small towns in India: A review. Habitat International, 86, 19-27, DOI: <https://doi.org/10.1016/j.habitatint.2019.02.003>.

14. Gvozdeva, O. V. and Sinica, Yu. S. (2020). Perspektivy razvitiya mal'nykh territorij s uchetom zarubezhnogo opyta. Moscow journal, 3, 106-114 (In Russian).

15. Akimat of the Tekeli. (2015). Tekeli kalasynyn 2016-2020 zhyldarga arналган damu bagdarlamasy. 43 p. (In Kazakh).

16. Akimat of the Shahtinsk. (2015). Shahtinsk kalasynyn 2016-2020 zhyldarga arналган damu bagdarlamasy. 46 p. (In Kazakh).

17. Akimat of the Zhezkazgan. (2015). Zhezkazgan kalasynyn 2016-2020 zhyldarga arналган damu bagdarlamasy. 44 p. (In Kazakh).

18. Akimat of the Tekeli. (2021). Tekeli kalasynyn 2020 zhyldarga arналган damu bagdarlamasy. 27 p. (In Kazakh).

19. Akimat of the Tekeli. (2020). Tekeli kalasynyn 2016-2020 zhyldarga arналган damu bagdarlamasy iske asyru turaly esebi. 34 p. (In Kazakh).

20. Akimat of the Shahtinsk. (2020). Shahtinsk kalasynyn 2016-2020 zhyldarga arналган damu bagdarlamasy iske asyru turaly esebi. 39 p. (In Kazakh).

21. Akimat of the Zhezkazgan. (2020). Zhezkazgan kalasynyn 2016-2020 zhyldarga arналган damu bagdarlamasy iske asyru turaly esebi. 16 p. (In Kazakh).

22. Senetra, A. and Szarek-Iwaniuk, P. (2020). Socio-economic development of small towns in the Polish Cittaslow Network – A case study. Cities, 103, 102758, DOI: <https://doi.org/10.1016/j.cities.2020.102758>.

**ANALYSIS OF PROGRAMS FOR THE DEVELOPMENT OF SINGLE-
INDUSTRY TOWNS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

G. B. Assanova^{1*}, G. B. Nurseitova¹

¹Al Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The purpose of the research is the analysis of the results of the implementation of programs aimed at the development of single-industry towns in the Republic of Kazakhstan.

Methodology – general scientific methods such as synthesis, analysis, comparison, generalization.

Originality / value of the research. The analysis of regional development programs will allow determining the effectiveness of the measures taken for the development of the regions and, during the analysis, comprehensively assess the economic and social potential of the regions, as well as improve the system of upcoming measures.

Findings. As a result of the study, the topical issues and target indicators in the development programs of single-industry towns of Tekeli, Shakhtinsk, Zhezkazgan for 2016-2020, the results of their achievement according to the plan were analyzed.

Keywords: single-industry town, program, economy, social sphere, infrastructure, industry.

**АНАЛИЗ ПРОГРАММ РАЗВИТИЯ МОНОГОРОДОВ В
РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

Г. Б. Асанова^{1*}, Г. Б. Нурсейтова¹

¹Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби,
Алматы, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Целью исследования является анализ результатов реализации программ, направленных на развитие моногородов в Республике Казахстан.

Методология – общенаучные методы, такие как синтез, анализ, сравнение, обобщение.

Оригинальность / ценность исследования. Анализ программ развития регионов позволит определить эффективность проводимых мероприятий в целях развития регионов и в ходе анализа всесторонне оценить экономико-социальный потенциал регионов, а также улучшить систему предстоящих мер.

В результате исследования были проанализированы актуальные вопросы и целевые показатели в программах развития моногородов Текели, Шахтинск, Жезказган на 2016-2020 годы, а также были разобраны результаты их достижения по плану.

Ключевые слова: моногород, программа, экономика, социальная сфера, инфраструктура, промышленность.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Асанова Гүлжайна Батыркүлкызы – PhD студент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, email: gulzhaina17@mail.ru*

Нурсейтова Гүлмира Бектургановна – экономика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, email: n.gulmyra@mail.ru